

**"Аудан бюджетінің қаражаты есебінен қамтылған Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы атқарушы органдарының қызметтік куәлігін беру тәртібін және оның сипаттамасын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 3 наурыздағы № 38 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 114 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 маусымда № 6352 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің "Аудан бюджетінің қаражаты есебінен қамтылған Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы атқарушы органдарының қызметтік куәлігін беру тәртібін және оның сипаттамасын бекіту туралы" 2018 жылғы 3 наурыздағы № 38 (2018 жылғы 27 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4608 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аким  
Тимирязевского района*

*Н. Кенесов*